



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№19/507  
12 мая 2017 года

## Вестник

### Ж Е Ц І С Ш Е Р У І

ҰЛЫ ЖЕҢІС – ҰРПАҚҚА ҰЛҒИ



Ұлы Жеңістің 72 жылдық мерекесіне арналған, қаланың мерекелік алаңында өтетін Жеңіс шеруіне биыл қала халқы әдеттегіден көп жиналды. Мамырдың жылшыуақ күнінде мерекеге лайықты киінген жұрттың көңілдері көтеріңкі, жүздері қуаныш пен шаттыққа толы еді. Әскери үлгідегі киімдері бойларына жарасқан

әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, РФ ҚК Сарышаған сынақ алаңының бастығы Олег Васильевич Кислов және ҚР ҚК Приозерск гарнизонының командирі Арслан Уалиевтер Ұлы Отан соғысының тарихына қысқаша тоқтала отырып, адам баласына төзгісіз қайғы-қасірет әкеліп, миллиондаған жандарды құрбан еткен

қан тыл еңбеккерлерін, қала тұрғындары мен қонақтарын құттықтады.

Қазақстан әскери бөлімдері мен Ресей әскери бөлімдері, қаланың ұйымдары та-

әскери шеру басталып кетті. Қазақстан және Ресей жауынгерлері кезек-кезегімен сап түзеп алаңды айнала өтті. Кезек әскери техникаларының шеруіне келгенде жи-



кішкентай балақандардың сүйкімді келбеті көз қуантады. Соғыс және тыл ардагерлеріне арналып орнатылған шатырға ардагер жандар жайғасып, салтанатты шеруді тамашалау құрметіне ие болды. 1941-жылдың 22-маусымында басталған Ұлы Отан соғысы араға төрт жыл салып, осы күні, яғни мамырдың 9-жұлдызында Жеңіс дабылы қағылып, алғаш рет тойланғаны тарихтан белгілі. Содан бергі кезеңде бұл күн Жеңіс күні мейрамы ретінде елімізде үздіксіз тойланып келеді. Тәртіп пен тиянақтылыққа бейімделген әскери қызметкерлер белгіленген 10.00 сағатта Қазақстан Қарулы Күштері мен Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдеріне Жеңіс мерекесінің шеруін бастауға және өткізуге бұйрықтарын берді. Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Приозерск қаласының

алапат майданда өшпес ерліктерімен Жеңіс әкелген соғыс ардагерлерін, еңбек майданында жеңіске өлшеусіз үлес қос-



рапынан соғыс және еңбек ардагері, Приозерск қаласының негізін қалаушы, Сарышаған сынақ алаңының алғашқы бастығы, генерал-лейтенант Степан Дмитриевич Дороховтың құрметіне былтырғы жылы ашылған ескерткіш тақтасына гүл шоқтарын қойды. Бұдан кейін Қазақстан ҚК және РФ ҚК әскери бөлімдерінің қатысуымен Жеңіс күні құрметіне арналған

налған халықтың назарына бүгінгі қуатты әскери техникалар мен соғыс жылдарында қолданылған, бүгінде мұрағатқа айналған әскери техникалар ұсынылды. Соғыс көліктеріне орналасқан соғыс жылдарының көрінісін бейнелейтін сахналық қойылым бір сәт сонау алыста қалып бара жатқан майдангерлер өмірін көз алдымызға әкелгендей болды. Бұл ерекше көріністі жиналған жұртшылық қол шапалақтаумен қарсы алды. РФ ҚК 10-сынақ алаңының әскери қызметшілері әскери саптағы жүру, тұру, қозғалу әрекеттеріне байланысты шеберліктерін паш етті. Шеру біткен соң Ұлы Отан соғысы, тыл және ауған соғысының ардагерлеріне арналып майдан даласының асханасында пісірілген ботқадан дәм татысты.

Ұлы Жеңістің 72 жылдығына арналған салтанатты шеру өткен күннің кешкі 20.00 сағатында қалалық мерекелік алаңда Ұлы Жеңіс құрметіне қала тұрғындарына арналған қала өнерпаздарының ұйымдастыруымен мерекелік концерт берілді. 22.00 сағатта Жеңіс күні құрметіне әскери қарудан отшашу атылды.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ



## ЕРЛІККЕ – МӘҢГІЛІК ТАҒЫМ

Ұлы Отан соғысы сол кездегі Кеңес Одағына қарасты барлық Республикаларға орны толмас қайғы-қасірет әкелді. Төрт жылға созылған 1418 күн мен түн миллиондаған адамдардың жанын қиып, соншама адамдардың бірін әкесінен, бірін баласынан, бауырынан, жан жарынан немесе туыскандарынан айырды. 1941-жылғы таңғы сағат 04.00-де соғыс жарияламастан, тыныш жатқан елімізге тұтқиылдан басып кірген гитлершіл неміс-фашист басқыншылары басынан бастап бақайшағына дейін қаруланған еді. Бейбіт КСРО елінің армиясының күшқуаты жау әскерімен тең емес болатын. Әділеттілік біз жақта болғандықтан, біздің ел-жұрттың жеңіске деген сенімі мен үміті нық болды. Майдан даласына сұранып аттанып жатқан ұл-қыздардың есебі жоқтын. Осынау нық сенімнің арқасында араға аттай төрт жыл салып, фашизм жеңдеттерін өз ұяларында тұншықтырып, елдің зарыға күткен Ұлы Жеңісіне қол жеткізді. Қасиетті соғысқа қазақстандықтар да бір кісідей жұмыла атсалысты. Олардың арасынан қаншама батыр-бағландар шыққаны тарихта мәңгі ескерткіш болып қалды.

Соғыс жайындағы естеліктер біз үшін қасиетті тақырып болып қала береді. Жыл өткен сайын соғысқа қатысқан ардагерлердің, тыл еңбеккерлерінің саны азайып бара жатқанымен, олардың жарқын келбеттері мен ерлік істерін естен шығару әсте мүмкін емес.



Олардың жанқиярлықпен жасаған ерліктері, батыл істері, төккен қаны мен тері ұрпақтарға үлгі болып қала бермек. Осындай мақсатпен қаламызда қатарынан үшінші рет өткізіліп отырған «Мәңгілік полк» акциясына биыл



қаламыздан екі мыңға жуық адам қатысты. Олардың ішінде ардагерлер бастаған топпен бірге қала кәсіпорын, мекеме, ұйымдар, мектептер мен балабақшалар, мектеп оқушылары мен қала тұрғындары болды. Мамыр айының шуақты күнінде қызылдыжасылды шарлар мен ардагерлердің портреттерін ұстаған акция қатысушылары сап түзеп орталық алаңға бет алды. Маңызды акцияны тамашалауға жиылған қала тұрғындарының да қарасы қалың болды.

Ұлы Отан соғысы басталған жылдың 15-қарашасындағы Қазақстаннан барған 28 панфиловшылардың жанқиярлық ерлігі ел есінде мәңгілік қалмақ. Герман әскерінің бір дивизиясына қарапайым қару-жарақпен қарсы тұрып, бір қадым алға бастырмай, өздері де шайт болған олардың бәріне батыр атағы берілді. Бұл батырлар арасында қазақтан Нарсұтбай Есболатов пен Мұсабек Сеңгірбаев секілді арда азаматтары да бар еді. Нарсұтбай туралы ақын-жыру Нұрпейіс Байғанин дастан жазып қалдырды. Ұлы Отан соғысында нағыз ерліктің, батырлықтың үлгісін көрсеткен Бауыржан Мо-

мышұлы, Талғат Бигелдинов, Мәлік Ғабдуллин, Төлеген Токтаров, Нұркен Әбдіров, Сабыр Рахимов, Қасым Қайсенов, Рахымжан Қошқарбаев, Сұлтан Баймағамбетов, Есен Урақбаев, Хамит Кобиков, Әбу Досмұхамбетов, Әлікбай Қосаев, Қанаш Камзин, қазақтан шыққан тұңғыш ұшқыш қыз Хиуаз Доспанбетова және қазақтың қос қарлығашы – Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова секілді ондаған батыр ұл-қыздарымыздың есімдері мінберден жаңғырып тұрды. Қан майданның тылында партизандық қозғалысқа қатысып, кіп-кішкентай бастарын қатерге тіге жүріп жеңіске үлес қосқан балапан партизандардың ерліктері біздің өскелең ұрпағымызға үлгі-өнеге болып қала береді. Олар: Марат Казей, Зина Портова, Валя Котик және Лена Голиковтар.

Осындай айтулы күні біз құрметті ардагерлеріміздің, шайт болған бозактарымыздың рухы алдында ерекше бас июге тиіспіз. Аталмыш мереке батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы. Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі. Ұлы Отан соғысы жылдарында ең жоғары атақ – «Кеңес

### «МӘҢГІЛІК ПОЛК» АКЦИЯСЫ

Одағының батыры» атағына 11525 адам, екі рет «Алтын Жұлдыз» медаліне 104 адам, үш рет «Алтын Жұлдыз» медаліне 3 адам ие болған. Жүздеген әскерлер бірнеше орден-медалдармен марапатталған. Акция барысында біздің жерлесіміз, Приозерск қаласының негізін қалаушы, Сарышаған сынақ алаңының бастығы болған генерал-лейтенант Степан Дмитриевич Дороховтың есімі ерекше аталып өтті. Қанмайданның арасында басынан аяғына дейін болған жерлесіміздің өте кішіпейіл, азаматтығы мол, көпшіл және қайырым жан болғандығы, бейбіт кезеңде Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесінің депутаты ретінде қарапайым халыққа, қала тұрғындарына жасаған жақсылықтары мен қайырымдылығы, әрбір сайлаушысының аманат-тілегін қараусыз қалдырмайтындығы айтылды. Қазір қаламыздың бір көшесі осы айтулы ардагер есімімен аталады.

Уақыт өткен сайын кешегі күндей күркіреп өткен сұрапыл соғыстың дүрбелең оқиғалары мен жанды ауыртар естеліктері де арасын аулақ салып, алыстап барады. Бірақ, қанша алыстағанмен ол көңілден кетіп, жүректерден өшпек емес. Ұлы Отан соғысы мен тыл ардагерлеріне мәңгілік тағзым! Ұлы Отан соғысы біздің халқымыздың, аға буын өкілдерінің, біздердің ата-әжелеріміздің, әкелеріміз бен аналарымыздың биік рухын, ерлігі мен қаһармандығын әлемге паш еткен қасиетті соғыс болса, Ұлы Жеңіс аға ұрпақтың Ұлы ерлігін мәңгілікке ел жадында сақтауға арналған қастерлі мереке! Мере-



келеріңіз мүбәрак болсын, қадірменді халайық!

Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ.  
Суреттерде: «Мәңгілік полк» акциясында

### АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ

## ОБЛЫСТЫҚ МАСЛИХАТ ДЕПУТАТЫНЫҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ұлы Жеңістің 72 жылдығын мерекелеу барысында Қарағанды облысы маслихатының депутаты Қосубаев Назыр мырза қаламызға арнайы келіп, соғыс ардагерлері Морозов Иван



Павловичке, Удилов Георгий Ивановичке және Кубеева Аймереке Бекбулатовнаға өзінің алғыс хаты мен естелік сылықтарын табыс етті. Ұлы Отан соғысының ар-

дагерлеріне арнайы құрмет көрсеткен Қосубаев Назыр мырзамен сұхбаттасқанмызда ол бүгінгі отанымыздың бейбіт аспаны мен жарқын өмірімізге қол жеткізуімізге бірден бір себепкер болған ардагер ағаларымыз-



дың арқасы екенін қадап айтты. Сұхбат барысында ағамыздың Отанға деген, жұртқа деген ыстық ықыласын да байқадым. Елінің қамын ойлар, жұртының мұнын мұндар Назыр мырзадай ағаларымыз көп болғай.

Б. Алшынбекұлы



## ПОЗДРАВЛЕНИЕ ВЕТЕРАНОВ ВОЙНЫ НА ДОМУ

8-мая аким города Камзин Кайрат Амангелдиевич, секретарь городского маслихата Сарсембеков Бекзат Мухсынович, а так же командиры войсковых частей МО Российской Федерации и ВС Республики Казахстан поздравили ветеранов Великой Отечественной Войны на дому.

Первым поздравление принимал Удилов Георгий Иванович. Руководство города и представители войсковых частей вручили



ему денежные и ценные подарки, поздравительные открытки и цветы.

Затем официальная делегация посетили на дому ветерана ВОВ Морозова Ивана Павловича. Поздравив его с Днем Великой Победы, так же вручили ему денежные и ценные подарки, поздравительные открытки и цветы.

После чего делегация приехала к дому ветерана ВОВ Кубеевой Аймереке Бекбулатовны и так же поздравила ее с праздником Победы.



Искренние слова благодарности и пожелания счастья, здоровья и бодрости духа звучали сегодня в адрес всех наших ветеранов, наполнив их радостью и оптимизмом.

После вручения подарков Аймереке апа поблагодарила всех за оказанную поддержку и поздравление.

Б. Алшынбекұлы





Шаг в будущее

Мемлекеттік қызметшіге көмек

# ПРОГРАММНАЯ СТАТЬЯ НАЗАРБАЕВА Н.А. «ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ: МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ»

Глобальный мир сегодня столкнулся с новыми проблемами и новыми вызовами. Каждый новый день становится испытанием на прочность для существующего мироустройства. И тем проще пройти эти испытания тем, кто предыдущие годы создал, строил, гармонично развивался, не допустив дрязг и раздоров. Сегодня одной из таких стран в мире называют Казахстан. Та, страна, где не было войн, где нет крупных социально-экономических проблем, где стабильно развивается экономика и царит межнациональное согласие и единство нации. Нашу республику позиционируют как гарант безопасности в Центральной Азии. Наша страна вошла в 50 самых развитых конкурентоспособных стран мира.

В опубликованной в печати статье Главы государства «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», отражены мысли о том, как нашему обществу сделать шаг в будущее – стать ближе к созданию еще более сплоченной единой нации сильных, грамотных, ответственных людей, четко понимающих что, эволюционное развитие нашей республики приоритетно, что мир и согласие, национальное единство и суверенитет – это наши главные ценности.

Задача обновляться сегодня стоит перед всеми государствами планеты. В новых, непрестых условиях у Казахстана появилась историческая возможность выйти на совершенно новый уровень развития. Благодаря новым технологиям, новым знаниям, умениям, пониманию постоянно учится и быстро внедряет инноваций в



Казахстане возможен резкий диверсифицированный скачок в экономике. Наш Президент призывает нас создать меритократическое общество, в котором успех всего общества зависит от результатов способностей и заслуг каждого его индивида. Возможность успешной работы в данной системе, при условии отсутствия коррупции и трайболизма, получит профессионал в своем деле, высокообразованный, грамотный, владеющий иностранными языками, с широким кругозором, открытый новым знаниям, духовно развитый человек.

Казахстан всегда ставил перед собой амбициозные, но реальные цели и всегда этих целей достигал. Следующая задача – войти в тридцатку развитых стран мира. Мы уверены, что данная цель достижима, и сделаем все возможное, чтобы не подвести свою страну и своего Президента.

Бейсекеев С.Ж.,  
депутат городского маслихата

## Мерейлі отбасы

### ОН БАЛАЛЫ ОТБАСЫ

Жасыратыны жоқ, бүгінгі алмағайып заманда отбасындағы баланы дүниеге әкелуді де жоспарлайтын деңгейге жеттік. Төрт балалы отбасылар көп балалы деп саналатын болды. Осынау шетін мәселені зерттеп-зерделеп жатудың да қажеті шамалы секілді. Айналып келгенде бәрінің алға тартатыны әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың жетімсіздігі. Бұған бүгінгі қоғамдағы барлық түйткілді мәселелер енеді. 6 балалы ана «Күміс», 7 балалы ана «Алтын» белгіге ие болады. Қанша жамандасак та, Кеңестік кезеңдегі көп балалы аналар мен балалардың әлеуметтік жағдайына аса мән беріліп, жағдайлары жасалғанын жасыра алмаймыз. Ол заман мен бұл замандағы аналар мәселесін салыстырып, бөліп жарудан аулақпыз, дегенмен дәл осы таңда 9, 10 балалы аналардың қоғамдағы үлес-салмағы саусақпен санарлық десек, артық айтқандық емес. Біз осы мақаламызға сондай саусақпен санарлық аналар қатарындағы отбасы жайында әңгіме өрбітпейміз.

Шағын қаламызда бір-бірін танымайтын қазақ жоқ шығар, сірә. «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де технология пәнінің оқытушысы болып қызмет ететін Асқар Қалдыбайұлы Жұманязовты қазақ отбасылары жақсы танытыны анық. Бәрінің де балалары оның алдынан дәріс алып өтеді. Алайда, оның отбасында алтын асықтай он бала дүниеге келіп, өсіп келе жатқанын бәрі біле бермейтін шығар?.. Ресей Федерациясына қарасты №3 мектепте кіші қызметкер болып істейтін өміржолдасы Сәрсенкүл Төрткүлбайқызы Қойшыбаевамен екеуінің отасқанына отыз жыл болған. Қазір олардың үлкен шаңырағында төрт қыз бен алты ұл өсіп, жетілуде. Олардың алғашқы перзенттері Қарақалпақстан Республикасында дүниеге келген. Атап айтқанда, тұғыш қыздары 1989-жылы өмірге келген Роза бүгінде тұрмыста, екі баласы бар, еке жолын қуып, ұстаз болған. Қазір «Приозерск қаласының №1 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-де бастауыш сынып мұғалімі. Екіншісі ұлдары – Нұрсұлтан. Бұдан әрі Бексұлтан, Азиза, Ақжол, Токтар, Азиз, Али, Әлия және кенжелері Мәншүк болып жалғасады. Бексұлтан жеке шаруашылықпен айналысады екен. Азиза Қарағанды техникалық колледжде екінші курста, Ақжол Балқаш гуманитарлық техникалық педагогикалық колледжінде бірінші курста оқып жүр. Қалғандары мектеп



қабырғасында білім алуға.

Үлкен әрі айрандай ұйыған отбасы бүгінде қыз ұзатып, келін түсірген Қазақстан Республикасында тұрып жатқан қарапайым отбасылардың бірі санайды өздерін. Біреуге алақан жаймай, кісіге телмірмей өз қажыр-қайрат, еңбектерімен өсіріп келеді ұл-қыздарын. Құдайдың берген перзенттерін өзгенден кем қылмай, оқып, білім алуларына да қолдан келгенше жағдай жасауда. Бұл отбасында қазақ халқының ежелден келе жатқан, ата-бабадан мұра болып қалған салт-дәстүрлері қатаң сақталған. Ол – үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, ата-ананың айтқанын екі етпей орындау, отбасында және қоғамда үлкен-кішіге қамқорлық көрсету дәстүрлерін бұлжытпай орындауға дағдыланған. «Отбасындағы тәрбиеде рухани адамгершілік құндылықтарды ұмытпай, ата-бабамыздың сан ғасырлар бойы қолданып келген дінін ісмен негізінде тәрбие берудің маңызы зор. Балаларға жеті атасын білуді, үлкенге сәлем беруді, рухани бай болуды құлағына құйып отырған жөн. Халқымыздың адамгершілік тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Біздің отбасымызда да адамгершілік құндылықтардың барлығын шамашарқымыз келгенше ұстанып, саналы да, білімді ұрпақ тәрбиелеуді басты мақсат етіп қойғанбыз», – дейді отағасы Асқар Қалдыбайұлы.

Асқар мен Сәрсенкүл де өмірдің ащы-тұщысын аз көрген жоқ. Күйі тай-ған, туып-өскен Қарақалпақстан жерінен тарихи Отанына алғашқылардың бірі болып көшіп келді. Қиын болса да, олар балаларының болашағын ойлаған еді. Ел қатарлы кешегі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жоқшылықты, жетіспеушілікті бастан кешті. Он қолынан өнер тамған ағаш ұстасы Асқар сол кездері өзінің екі қолы мен адал еңбегіне жүгінді. Шкаф, шифонер, дивандарды қолдан соғып, нопақасын айырды. Жұмыстың қай түрінен болса да бас

## МАМАН КЕҢЕС БЕРДІ

Жуықта қалалық әкімдіктің мәжіліс залында қаладағы мемлекеттік қызметкерлер мен Қарағанды облысы әкімдігі аппаратының мемлекеттік-құқықтық істер бойынша бөлім жетекшісі Бахтияр Ғабдуллович Айешовтың кездесуі және семинар-кеңесі болып өтті. Осы салада ұзақ жылдар бойы қызмет еткен кәнігі маман қаламыздың мемлекеттік қызметкерлеріне мемлекеттік қызметшілердің этикалық стандарттары және олардың киім үлгілері бойынша негізгі талаптар,



қарапайым халықтан сыйлық алу тәңірегіндегі мәселелер бойынша кеңес берді.

–Мемлекеттік қызметшілердің қызмет бабында немесе қызметтен тыс уақытындағы жүріс-тұрысы, әдет-ғұрыпы, көпшіліктің алдында өзін өзі ұстауы, қабылдауына келген халық өкілінің алдындағы ұстанымы, олармен болған мәдениетті немесе өрескел әрекеттері – бәрі оның өз қызметіне болған этикасының және лайықтылығының көрсеткіші болып табылады. Сіздердің бойларыңыздағы жағымды және жағымсыз қасиеттеріңізге қарап олар Сіздер қызмет етіп отырған саланы, тіпті мемлекетімізді бағалайды. Сіздер мемлекеттік қызметші ретінде негізгі принциптерді білуге міндеттісіздер. Олар: заңдылық; қазақстандық патриотизм; мемлекеттік құндылықтар алдындағы азаматтар мүдделерінің құқығы, бостандығы мен заңды талаптарының жарқындығы; қызметтік міндеттерін орындаудағы өзін жоғары санамау мен жеке жауапкершілігі; мемлекеттік қызметшінің кәсіпқойлығы; этикалық лайықтылық және құқық бұзшылыққа жол бермеу болып табылады, – деді өз сөзінде кәсіби маман.

Бұдан өзге Бахтияр Ғабдулұлы мемлекеттік қыз-

метшілердің қызмет орнында және одан тысқары жерлерде өзін өздері ұстау, мемлекет мүлкін өз қажеттіліктеріне қызметтен басқа жерлерде пайдаланбау, жұмыс уақытынан және қызметтік қабылдаулардан кешікпеу, қызметтік көліктерін өз мүдделері үшін қолданбау, өтініш білдірушілер мен қабылдауларға келушілермен риясыз, мәмілелі түрде сұқбаттасу, олардың мұн-мұқтаждарын мерзімінде шешу т.б. мемлекеттік қызметшіге тән қадір-қасиеттер жөнінде мәслихат берді. Халықтың көзі қырағы екендігін, олар мемлекеттік қызметшілердің әр басқан қадамын бағып отыратынын және олардың алдында қолайсыз жағдайларға тап болмауларын қадап айтты. Әрбір мемлекеттік қызметшінің жемқорлық әрекеттерден аулақ болуын, қызметтік лауазымдарына қарай қызмет бабына орай бөгде адамдардан сыйлық алуларының артында жемқорлық әрекет жататынын ескертіп өтті.

Сондай-ақ, қазіргі кездегі кеңседе түстік жасау, шай ішу мен тамақтанудың белең алғандығын, бұл әрекеттердің мемлекеттік қызметшіге сай еместігін, жұмыс уақытынан артық уақытқа қалып жұмыс істеудің заңға қайшылығын және бұндай тапсырмалардың көбіне жоғарғы лауазымды қызметкерлер мен басшылардан келетінін әңгімеледі. Баспасөз мінберінде ақпарат немесе сұқбат беруде көп жағдайда қарапайым мамандардың шығатыны сол мекеме басшысының жауапкершіліктен тайсақтауын білдіретінін, жауапты міндетке басшының өзі не оның орынбасары қатысуы қажеттігін атап айтты.

Қарағанды облысы әкімдігі аппаратының мемлекеттік-құқықтық істер бойынша бөлім жетекшісі Бахтияр Ғабдуллович Айешовпен болған семинар-кеңеске Приозерск қаласы әкімінің орынбасарлары Дастан Шұғайұлы Сәденов пен Ботагөз Әнуарқызы Қазиевалар қатысып отырды.

Н.ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ



тартқан жоқ екеуі де. Қалайда балашағасының ашжаланап болмауын ойлады. Заманның ағымына қарай құдай беріп жатқан балалардың дүниеге келуін шектеуді тіпті ойлаған жоқ. Қазақтың «Бір қозы артық туса, бір түп жусан артық өседі» деген даналығын жадтарында сақтай білді. Шынымен де, олар өз еңбек-құштерінің, ерік-жігерінің арқасында көштен қалып кетпеді. Мейрімді мол Алла-

кеттім. Базарда сауда жасап жүрсем үйден телефонмен қоңырау шалды. Номеріне қарап телефон шалып тұрған үлкен қызым екен деп ойладым. «Маған шалбар ала салыңызшы» - деді де тұтқаны қоя салды. Мен оның айтқан шалбарын алып үйге келсем, телефон шалған үлкен ұлым Нұрсұлтан екен. Мен болсам қыздың шалбарын әкелген болатынмын. Бәріміз бір күліп алдық. Иә, қазақта «Балалы үй –



базар», - деген сөз бекер айтылмаған. Отбасында қанша бала болса да, ата-ана үшін әрқайсысының өз орны бар. Жақсысын асырып, жаманын жасырып жүрсе де, негізінде тиянақты тәрбиенің жөні бөлек. Бір-біріне қарап, сүйеніп, жетелеп жетілген балалардың қоғамшыл, мейрімді, қамқор болып өсетініне көп жағдайда куә болып жүрміз. Әрине, ата-ананың отбасыдағы ролі мен орны өз алдына. Болашақта осы шаңырақтан он бірдей отбасы бөлініп шығып, қоғамға тәрбие мен тағылымның нәрін татқан, мәуелі бәйтеректің бұтақтары секілді он шаңырақ қосылады. «Мерейлі отбасы» дегеніміз осы емес пе?!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.  
Суреттер: Асқар мен Сәрсенкүл;  
Асқардың үлкен отбасы.

–Бірде балаларға киім алуға Алматыға